

**"Медициналық қалдықтарды жинауға, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылғы 23 маусымдағы N 362 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 22 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5264 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.07.23 № 533 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6) тармақшасына , 17-бабының 13) тармақшасына , 30-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Медициналық қалдықтарды жинауға, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Белоног А.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құқықтық жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаменті (Малғаждарова Б.Т.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізімінде N 2674 тіркелген "Медициналық ұйымдардың қалдықтарын жинауға, пайдалануға, зарарсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері және нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 ж. 13 қаңтардағы N 19 бұйрығының күші

жойылды деп танылсын ("Официальная газетада" 2004 ж. 7 ақпан N 6 (163) жарияланған.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы - Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

Қ. Омаров

Міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

м и н и с т р і

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы с ы н ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 3

м а у с ы м д а ғы

N 362 бұйрығымен бекітілген

**"Медициналық қалдықтарды жинауға, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары**

1. Жалпы ережелер

1. "Медициналық қалдықтарды жинауға, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелер және нормаларды (бұдан әрі - санитарлық ереже) меншік түріне қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

2. Осы санитарлық ереже медициналық қалдықтарды жинау, зарарсыздандыру, сақтау, тасымалдау және көму тәртібін белгілейді.

3. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылды:

1) медициналық қалдықтарды көму - әрі қарай қолдануға жатпайтын, қоршаған ортаға зиянды заттардың түсуін болдырмау мақсатында жіберілген және оларды қайтып қолдану мүмкіндігін болдырмайтын, залалсыздандырылған медициналық қалдықтарды оқшаулау, зиянсыздандыру;

2) медициналық қалдықтар - медициналық қызмет көрсету және медициналық қол әрекетін жүргізу үрдісі барысында түзілетін қалдықтар;

3) медициналық қалдықтармен жұмыс істеу - медициналық қалдықтарды жинауға, залалсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға байланысты жұмыстың түрлері;

4) медициналық қалдықтарды зарарсыздандыру - механикалық, физикалық, химиялық немесе биологиялық өңдеу арқылы медициналық қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою;

5) қондырғы - медициналық қалдықтарды ұсақтауға және зарарсыздандыруға, кәдеге жаратуға, өртеуге арналған арнайы технологиялық жабдық;

6) медициналық қалдықтарды сақтау - тасымалдау және жою мақсатында алып кеткенге дейін арнайы жабдықталған үй-жайларда, контейнерлерде медициналық қалдықтарды ұстау.

4. Медициналық қалдықтарға:

1) стационарларда, емханаларда, дәрігерлік амбулаторияда, диспансерлерде, медициналық пункттерде, егу кабинеттерінде;

2) жедел және шұғыл медициналық көмек ұйымдарында, қан құю станцияларында;

3) клиникалық - диагностикалық зертханаларда, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама зертханаларында, патологиялық - анатомиялық зертханаларда;

4) ғылыми-зерттеу институттарында және медициналық саладағы оқу орындарында;

5) фармацевтік өндіріс нысандарында;

6) сауықтыру ұйымдарында (саяжайларда, профилакторияларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда);

7) сот-медициналық сараптау ұйымдарында;

8) ауруларға ұзақ уақыт күтім жасайтын ұйымдарда;

9) емдік-косметологиялық ұйымда түзілетін қалатын қалдықтар жатуы тиіс.

5. Нысандарда медициналық қалдықтармен жұмыс істеуге күнделікті бақылау жүргізетін жауапты маман (эпидемиолог, бас дәрігердің мейірбике ісі жөніндегі орынбасары, бас дәрігердің орынбасары) тағайындалуға тиіс.

6. Нысанның жауапты маманы жұмыс орнында қызметкерлерді медициналық қалдықтармен жұмыс істеудің қауіпсіз ережелеріне оқытып, оның орындалуын бақылауы керек.

7. Нысанның басшысы аумақтық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының келісімі бойынша медициналық қалдықтармен жұмыс істеудің сызбасын осы санитарлық ережеге 1-қосымшаға сәйкес бекітеді.

8. Нысанның жауапты адамдары осы санитарлық ережеге 2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша журналда медициналық қалдықтардың санын және сапасын күнделікті есепке алуды жүргізеді.

9. Медициналық қалдықтарды көлік құралдарына тиеген сәттен бастап белгіленген жерде оларды қабылдағанға дейін тасымалдауды жүзеге асыратын адам олармен жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын сақтауға тиіс.

10. Медициналық қалдықтар қауіптілік дәрежесі бойынша қауіптіліктің 5 класына бөлінеді:

1) А класы - қатты тұрмыстық қалдықтарға ұқсас, қауіпті емес медициналық қалдықтар;

2) Б класы - қауіпті (қатерлі) медициналық қалдықтар;

3) В класы - төтенше қауіпті медициналық қалдықтар;

4) Г класы - құрамы бойынша өнеркәсіптік қалдықтарға ұқсас медициналық қалдықтар;

5) Д класы - радиоактивті медициналық қалдықтар.

Медициналық қалдықтардың морфологиялық құрамының сипаты осы санитарлық ережеге 3-қосымшада келтірілген.

2. Медициналық қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

11. Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу мынадай кезеңдерді қамтуы тиіс:

1) медициналық қалдықтарды түзілген орнында жинау және зарарсыздандыру ;

2) (А класындағы) медициналық қалдықтарды нысанның аумағында контейнерлерде немесе арнайы бөлінген үй-жайларда уақытша сақтау (А класынан басқа кластар);

3) медициналық қалдықтарды көму немесе термикалық әдіспен залалсыздандыру (өртеу) орнына контейнерлерді тасымалдау;

4) медициналық қалдықтарды термикалық әдіспен залалсыздандыру (өртеу) немесе көму.

12. Медициналық қалдықтарды жинауға су өтпейтін бір реттік қолданылатын қағаз қаптар, пакеттер, металдық және пластикалық сыйымдылықтар, қауіпсіз кәдеге жарату қораптары (бұдан әрі - ҚКЖҚ) пайдаланылады. Қалдықтардың әртүрлі класын жинауға арналған пакеттердің түсі әртүрлі болуға тиіс; контейнерлер, сыйымдылықтардың - таңбасы болуы керек. Қауіпті қалдықтарды жинауға арналған метал және пластикалық сыйымдылықтардың, контейнерлердің қақпағы тығыз жабылуға тиіс.

13. ҚКЖҚ медициналық қалдықтардың төгілуін немесе түсіп қалуын болдырмайтын клапан - фиксаторы бар тығыз су өтпейтін және тесілмейтін

материалдан дайындалуға тиіс. ҚҚЖҚ көлемінің үштен екі бөлігінен артық емес толтырылуы және бір тәуліктен артық емес уақытқа ғана сақталуы тиіс.

14. Қалдықтар салынған қаптарды, пакеттерді, сыйымдылықтарды, ҚҚЖҚ-ын тасымалдау үшін құрылымы оларды бекіту мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет арбалар пайдаланылады.

15. Әртүрлі кластағы медициналық қалдықтарды жинау тиісті контейнерлерге жүргізіледі. Контейнерлер, сыйымдылықтар және пакеттердің таңбалауы сәйкес келуге тиіс. Пайдаланылатын контейнерлердің қақпағы тығыз жабылуы тиіс. Контейнерлердің құрылымы толығымен су өткізбейтін, бөтен адамдардың және аңдардың оның ішіндегі қалдықтармен жанасуға мүмкіндік бермеуі тиіс.

16. В класындағы медициналық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер медициналық корпустың оқшауланған үй-жайында орналасады. В класындағы қалдықтар жиналған контейнерді А, Б, Г, Д класындағы медициналық қалдықтар салынған контейнерлермен бірге сақтауға рұқсат етілмейді.

17. Мыналарға:

- 1) арбаларды тағайындауынан басқа мақсатқа пайдалануға;
- 2) әртүрлі кластағы медициналық қалдықтарды жинау, зарарсыздандыру, сақтау және тасымалдау кезеңдерінде араластыруға;
- 3) сыйымдылықтарды электроқыздырғыш аспаптармен қатар орналастыруға;
- 4) медициналық қалдықтарды қолмен тығыздауға;
- 5) медициналық қалдықтарды қолғапсыз жинауға жол берілмейді.

18. Түзілген орнынан алынған А класындағы медициналық қалдықтар нысанның аумағында орналасқан контейнерге жіберіледі және қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - ҚТҚ) полигонына шығарылады.

19. Б, В, Г, Д класының медициналық қалдықтарын уақытша сақтау үшін нысанда жеке үй-жайлар қарастырылуы тиіс.

20. Б және В класының медициналық қалдықтарын уақытша сақтауға арналған үй-жайда медициналық қалдықтарды сақтауға арналған бөлме және сыйымдылықтарды жууға және таза сыйымдылықтар сақтауға арналған бөлмелер қарастырылады.

21. Медициналық қалдықтарды сақтауға арналған бөлмелер сыртқа тарату желдеткішімен, биологиялық және тағамдық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтармен, сөрелермен, бөлімшелерден әкелінген, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлермен, ыстық және суық су келтірілген қолжуғыштармен, бактерицидтік шаммен жабдықталуы тиіс.

22. Сыйымдылықтарды жууға арналған бөлме жууға және зарарсыздандыруға арналған, су келтірілген ванналармен, судың ағысына арналған трап, таза

сыйымдылықтарды сақтауға арналған сөрелермен, арнайы киімдерді (бұдан әрі - арнайы киім) сақтауға арналған шкафтар жабдыкталуға тиіс.

23. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайдың едені, қабырғалары, төбесі жууға және зарарсыздандырғыш заттарға төзімді материалдан жасалады.

24. Медициналық қалдықтармен жұмыс істейтін қызметкердің арнайы киімін жуу орталықтандырылған кір жуатын орында жүзеге асырылады.

25. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайлар нысанның корпусынан шығу есігіне жақын орналасады және қалдықтарды шығару үшін ыңғайлы көлік жолы болуы, баспалдақтары қалдықтарды шығару үшін траппен жабдыкталуы тиіс.

3. Медициналық қалдықтарды қауіптілік класы бойынша жинауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

26. Медициналық қалдықтарды жинауға арналған пакеттердің түстері мынадай болуы тиіс: А класының қалдықтары - ақ, Б - сары, В - қызыл, Г - қара.

27. А класына жататын медициналық қалдықтар мына нысандарда түзіледі:

1) медициналық ұйымдары (жұқпалы, тері-венерологиялық, фтизиатриялық бөлімшелерді қоспағанда) бөлімшелерінің палаталарында;

2) нысандардың әкімшілік-шаруашылық үй-жайларында;

3) бөлімшелердің ас блоктарында, буфеттерінде (жұқпалы, тері-венерологиялық, фтизиатриялық бөлімшелерді қоспағанда);

4) емдеу-профилактикалық ұйымның корпусынан тыс аумақта.

28. А класының медициналық қалдықтарын жинау сыйымдылықтарда немесе бір реттік қолданылатын пакеттерде жүзеге асырылады. Бір реттік қолданылатын пакеттер арнайы арбаларда немесе сыйымдылықтың ішінде орналасуы тиіс. Толтырылған сыйымдылықтар немесе бір реттік қолданылатын пакеттер контейнерлер орнатылған жерге жеткізіледі және аталған кластың қалдықтарын жинауға арналған контейнерлерге тиеледі. Көп рет қолданылатын ыдыс жинаудан және босатылғаннан кейін жууға және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген зарарсыздандыру заттарымен зарарсыздандыруға ж а т а д ы .

Нысандағы тағамдық қалдықтар (жұқпалы, тері-венерологиялық, фтизиатриялық бөлімшелерді қоспағанда) "Тағамдық қалдықтарға арналған" деген таңбасы бар металдық немесе пластик сыйымдылықтарға жиналуға тиіс.

29. А класына жататын ірі габаритті медициналық қалдықтар жиналады және арнайы бөлінген орынға арбамен, жылжымалы контейнерлермен шығарылады.

30. Б класына:

1) нысанның операциялық, реанимациялық және басқа да манипуляциялық-диагностикалық бөлімшелерінде, сондай-ақ емшара, таңу, егу кабинеттерінде;

2) нысанның жұқпалы, тері-венерологиялық, клиникалық-диагностикалық және патологиялық-анатомиялық зертханаларында;

3) 3-4 патогенді топқа жататын микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханаларда, вивариларда, ветеринарлық емханаларда;

4) санитарлық бөлмелерде, дәретханаларда түзілетін медициналық қалатын қалдықтар жатады.

31. Б класының медициналық қалдықтары дезинфекциялануға тиісті.

32. Пайдаланылған піспекті және басқадай үшкір заттар (инелер, қауырсындар, сақал қырғыш, ампулалар) басқа медициналық қалдықтардан бөлек алдын-ала бөлшектенбей және зарарсыздандырылмай ҚКЖҚ жиналады.

33. Б класының медициналық қалдықтары қақпағы тығыз жабылатын сыйымдылыққа салынған бір реттік пекеттерге алдын ала жиналады.

34. Б класына жататын медициналық қалдықтармен бір реттік қолданылатын пакеттің үштен екі бөлігі толтырылғаннан кейін, осы медициналық бөлімшедегі медициналық қалдықтарды жинауға жауапты қызметкер оларды байлайды. Пакетпен жүргізілетін барлық жұмыстар дәкелік бетперде және резенке қолғап киіп жүргізіледі.

35. Б класындағы медициналық қалдықтардың барлық түрлерін нысаннан тыс жерге тасымалдау қақпағы тығыз жабылатын сыйымдылықпен жүзеге асырылады.

36. Қақпағы тығыз жабылатын бір рет пайдаланатын сыйымдылықтар (бактар, пакеттер) Б класындағы медициналық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлерге орналастырылуы керек.

37. Б класының қалдықтары бар сыйымдылықтарда, пакеттерде нысан бөлімшесінің коды, оның атауы, уақыты және медициналық қалдықтарды жинауға жауапты адамның тегі жазылған "Қауіпті медициналық қалдықтар. Б класы" деген таңбасы болуы тиіс.

38. В класына келесі объектілерде пайда болатын медициналық қалдықтар жатады:

1) аса қауіпті және карантинді жұқпалары, адамның иммунитет тапшылық вирусы (бұдан әрі - АИТВ), жұқтырылған қорғаныш тапшылық белгілі (бұдан әрі - ЖҚТБ) жұқпасы бар пациенттердің бөлімшесінде;

2) 1-2 патогенді топқа жататын микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханаларда;

3) фтизиатриялық клиникаларда түзілетін.

39. В класының медициналық қалдықтары дезинфекциялануға тиісті.

40. В класының медициналық қалдықтары қақпағы тығыз жабылатын сыйымдылыққа салынған бір реттік пекеттермен жүзеге асырылады.

41. В класының қалдықтары бар сыйымдылықтарда, пакеттерде нысан бөлімшесінің коды, оның атауы, уақыты және медициналық қалдықтарды жинауға жауапты тұлғаның тегі жазылған "Төтенше қауіпті медициналық қалдықтар. В класы" деген таңбасы болуы тиіс.

42. В класына жататын медициналық қалдықтармен бір реттік қолданылатын пакеттің үштен екі бөлігі толтырылғаннан кейін осы медициналық бөлімшедегі медициналық қалдықтарды жинауға жауапты қызметкер оны байлайды. Пакетпен жүргізілетін барлық жұмыстар дәкелік бетперде және резеңке қолғап киіп жүргізіледі.

43. В класындағы медициналық қалдықтардың барлық түрлерін нысаннан тыс жерге тасымалдау қақпағы тығыз жабылатын сыйымдылықпен жүзеге асырылады.

44. Толтырылған сыйымдылықтар В класының медициналық қалдықтарын жинау үшін белгіленген жердегі контейнерлерге салынады.

45. Г класына келесі объектілерде пайда болатын медициналық қалдықтар жатады:

- 1) диагностикалық бөлімшелерде;
- 2) химиотерапевтік бөлімшелерде;
- 3) патологиялық-анатомиялық бөлімшелерде;
- 4) фармацевтік цехтарда, дәріханаларда, қоймаларда;
- 5) химиялық зертханаларда түзілетін.

46. Г класындағы медициналық қалдықтардың әрбір түрінің уыттылық дәрежесі Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3629 болып тіркелген "Коммуналдық гигиена бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 24 наурыздағы N 137 бұйрығына (бұдан әрі - N 137 бұйрық) сәйкес белгіленеді.

47. Пайдаланылған люминесценттік шамдар, құрамында сынабы бар аспаптар мен жабдық сақтау және тасымалдау кезінде сынып қалуын болдырмайтын қақпағы тығыз жабылатын сыйымдылықтарға жиналады. Сыйымдылықтар толтырғаннан кейін аузы тығыз жабылады және қосалқы үй-жайларда сақталады.

48. Уыттылықтың 1-2 класының медициналық қалдығына жататын цитостатикалық ісікке қарсы заттарды жинақтау, сақтау N 137 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

49. Уыттылықтың 2 және 3 класына жататын Г класындағы медициналық қалдықтар жиналады және қатты орамға, төртінші кластағы жұмсақ орамға оралады.

50. Д класына, мынадай нысандарда:

- 1) диагностикалық зертханаларда (бөлімшелерде);
- 2) радиоизотоптық зертханаларда;
- 3) рентген кабинеттерінде түзілетін медициналық қалдықтар жатады.

51. Д класындағы медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, көму Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2198 болып тіркелген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережесі мен нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 97 бұйрығы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Қысқа өмірлік циклы бар (қатты, сұйық және газ түріндегі), Д класының радиоактивті медициналық қалдықтарды тиісті сақтау қоймаларында олар толық ыдырағанға дейін сақтауға рұқсат етіледі, содан кейін олар А класының медициналық қалдықтары тәрізді жойылады. Д класының радиоактивті "ұзақ өмір сүретін" медициналық қалдықтары арнайы полигондарға көмуге жіберіледі.

4. Медициналық қалдықтарды тасымалдауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

53. Медициналық қалдықтарды тасымалдау қызметкер және қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы тиіс.

54. Медициналық қалдықтарды тасымалдау арнайы оқытылған қызметкермен жүзеге асырылады.

55. Автокөлік құралының арнайы таңбасы болуы тиіс. Автокөлік құралында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2840 болып тіркелген "Көлік құралына санитарлық паспорт беру, есепке алу және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 349 бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі санитарлық паспорты болуы тиіс.

56. А класының медициналық қалдықтарын тасымалдау кезінде қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау үшін пайдаланылған автокөлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

5. Медициналық қалдықтарды және мүккамалдарды зарарсыздандыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

57. Зарарсыздандыру (дезинфекция) үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген және тіркелген дезинфекциялық құралдар пайдаланылады. Медициналық қалдықтарды дезинфекциялау олардың пайда болған орындарында жүзеге асырылады.

58. Дезинфекцияға оларды зарарсыздандыру бойынша арнайы қондырғыларға келіп түсетін қалдықтарды, сондай-ақ көмуге жататын жұқпалы емес ауруларға жасалған операциядан кейінгі органикалық қалдықтардан (органдар, тіндер) басқа Б класына жататын барлық қалдықтар жатады.

59. ҚКЖҚ-на жиналған және термикалық әдіспен жойылатын Б және В класына жататын медициналық қалдықтар дезинфекцияланбауы тиіс.

60. А, Б және В класының медициналық қалдықтарын жинақтауға арналған контейнерлерді, автокөлік құралының кузовтарын дезинфекциялау аптасына бір рет және жүкті түсірген жерде ластануы бойынша жүргізіледі.

61. Нысандарда корпустар араларындағы контейнерлерді және автокөлік құралдарын жуу және дезинфекциялау үшін арнайы орын бөлінеді. Дезинфекциялауға арналған орын асфальттанған және бірыңғай ағысы болуы тиіс. Ағынды сулар дезинфекциядан кейін жиналуы және нысанның кәріз желісіне құйылуы тиіс. Сұйық медициналық қалдықтарды зарарсыздандырмай кәріз желісіне жіберуге жол берілмейді.

62. Патогенді биологиялық агенттердің қалдықтары, пайдаланылған ыдыс-аяқ, зертханалардың "жұқпалы" аймағынан алынған қатты медициналық қалдықтар сыйымдылықтарға жиналады және автоклавтарда немесе дезинфекциялау заттарымен зарарсызданады.

63. Ұйыған қаны бар шыны түтіктер және құтылар дезинфекциялау ерітінділерін пайдалану арқылы зарарсызданады. Гемокондар одан әрі жойылу әдісіне қарамастан автоклав арқылы зарарсыздануға жатады.

64. Медициналық қалдықтарды тасымалдауға арналған автокөлік құралы жеңіл дезинфекциялық өңделетін, су өткізбейтін жабық кузовпен жабдықталуға тиіс. Бұл автокөлік құралын басқа мақсат үшін пайдалануға жол берілмейді.

65. Уақытша сақтау үй-жайларынан медициналық қалдықтарды автокөлік құралына тиегеннен кейін, олар болған орындар, пайдаланылған мүккамал және жабдық дезинфекцияланады.

66. Патогенді микроорганизмдердің культуралары жұқтырылған жануарлардың өлекселері, олармен жұмыс істеу барысында өлгендер немесе өлтірілгендер өртеледі.

67. Нысандардың аумағында және мамандандырылған қондырғыдан (инсенераторлар және муфельді пештер) тыс елді мекендерде медициналық қалдықтарды өртеуге жол берілмейді.

68. Медициналық қалдықтарды термикалық әдіспен залалсыздандыру (өртеу) - медициналық қалдықтарды 800-1000 Цельсий градустан (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$) төмен емес температурада термикалық әсер ету жолымен жүргізіледі.

69. Б, В класындағы медициналық қалдықтар мамандандырылған қондырғыларда (инсенераторлар және муфельді пештер) өртеледі.

70. Г класындағы цитостатикалық медициналық қалдықтары медициналық қалдықтардың басқа түрлерімен араласқан жағдайда олар өртелуге жатады.

71. Қатты фармацевтикалық медициналық қалдықтар өртелуге жатады. Сұйық ерітінділерді кәрізге құюға егер, ерітінді құбырдың материалына және кәріз құрылысының элементіне кері әсерін тигізбейтін болса жол беріледі.

72. Өртеуге арналған медициналық қалдықтар қалдықтардың класы көрсетіліп, нысан басшысы қол қойған ілеспе актісі болған кезде қолданылады.

73. Медициналық қалдықтарды өртеуден кейінгі қалдықтар немесе күл ҚТҚ полигонына шығарылады.

6. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтау және жою жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

74. Контейнерлерді орнатуға арналған ашық алаңқайдың беті асфальттанған болуы және автокөлік құралының жүруіне және тиеп-түсіру жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы болуы тиіс.

75. Контейнерлерді орнатуға арналған ашық алаңқайлар емдеу корпустарынан 25 метрден және ас блоктарынан 100 метрден кем емес жерде орналасуға тиіс. Ашық алаңқайда 5-тен көп емес контейнер орналастыруға рұқсат етіледі.

76. А, Б, В класына жататын қалдықтар түзілген орнында бір тәуліктен аспайтындай, ал уақытша сақтайтын арнайы алаңқайдағы контейнерлерде немесе үй-жайларда қалдықтарды сыйымдылықтарында үш тәуліктен аспайтындай уақытта сақталады. Б класының биологиялық қалдықтары, сондай-ақ тағам қалдықтары плюс 5°C -тан аспайтын температурада сақталады.

77. А, Б, В классының медициналық қалдықтарын нысанның аумағы бойынша сақтау және тасымалдау аузы тығыз жабылатын көп реттік қолданылатын контейнерлерде жүзеге асырылады. В класының қалдықтарын

жою басқа кластағы қалдықтардан бөлек жүзеге асырылады. Қалдықтарды аумақтардан шығару контейнердің үштен екі бөлігі толған кезде жүзеге асырылады.

78. Г класының медициналық қалдықтарын сақтау осы мақсат үшін арнайы бөлінген қосалқы үй-жайларда жүргізіледі.

79. Нысанның аумағында медициналық қалдықтарды жою бойынша қондырғы болмаған жағдайда, А, Б, В класының медициналық қалдықтарын шығару күнделікті жүргізілуге тиіс.


80. Б класының медициналық қалдықтары (материалдар және аспаптар, пациенттерден бөлінген бөлінділер, микробиологиялық зертханалар мен виварилердің медициналық қалдықтары) осы санитарлық ереженің 5-тарауына сәйкес жүргізілген дезинфекциядан кейін ҚТҚ полигонына шығарылады.

81. Г класының медициналық қалдықтарын көму ұйым қалдықтарға арналған полигондарда жүзеге асырылады.

"Медициналық қалдықтарды
жинауға, зарарсыздандыруға,
сақтауға, тасымалдауға және
көмуге қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық
талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық
ережесі мен нормаларға

1-қосымша

Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу сызбасы



"Медициналық қалдықтарды жинауға, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және көмуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларға

2-қосымша

Медициналық қалдықтарды есепке алу журналы

200 ____ жыл

(нысанның атауы)

Медициналық қалдықтардың түрлері	Медициналық қалдықтардың көлемі (бұдан әрі - МҚ) (кг)	М Қ уақытша сақтауға арналған үй-жайға өткізілді	МҚ көму немесе өртеу	МҚ жинауға жауапты адамның тегі, аты-жөні	Тапсырған айы, күні, жылы
1	2	3	4	5	6
А классының МҚ:					
Б классының МҚ:					

В класының МҚ:					
Г класының МҚ:					
Д класының МҚ:					

**"Медициналық қалдықтарды жинауға,
зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға
және көмуге қойылатын санитарлық-
эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-
эпидемиологиялық ережесі мен нормаларға**

3-қосымша

Класс	А	Б
Қауіптілік санаты	Қауіпсіз	Қауіпті (қатерлі)
Сипаттамасы	Пациенттердің (жұқпасы жоқ аурулар) биологиялық сұйықтықтармен жанаспаған медициналық қалдықтар. Нысан бөлімшелерінің, жұқпалы аурулардан басқа (оның ішінде тері-вене-рологиялық, фтизиатрлық) тағам қалдықтары. Құрамында уытты элементтері жоқ, жиһаз, мүккамал, жарамсыз диагностикалық жабдық. Жұқпасы жоқ қағаз, смета, құрылыстық қоқыс.	Потенциалды жұқтырылған медициналық қалдықтар. Адамнан шыққан бөлінділермен, оның ішінде қанмен ластанған материалдар мен аспаптар. Патолого-анатомиялық қалдықтар. Органикалық қалдықтар: операциялық (органдар, тіндер), плаценталар, ұрықтар және организмнің басқа да сұйықтықтары. Жұқпалы аурулар бөлімшесінің барлық медициналық қалдықтары (оның ішінде тағамдық). Клинико-диагностикалық зертханалардың қалдықтары. 3-4 патогенді топқа жататын микроорганизмдермен жұмыс істейтін микробиологиялық зертханалардан шығатын медициналық қалдықтар. Виварилердің биологиялық қалдықтары.

кестенің жалғасы

Класс	В	Г	Д
Қауіптілік санаты	Төтенше қауіптілер	Құрамы бойынша өнеркәсіптікке жақын медициналық қалдықтар	Радиоактивтік медициналық қалдықтар

Сипаттамасы	Карантинді және аса қауіпті жұқпалары, АИТВ/ЖҚТБ бар аурулармен жанасатын материалдар. 1-2 патогенді топқа жататын микроорганизмдермен жұмыс істейтін зертханалардан шығатын медициналық қалдықтар. Фтизиатрлық тері-венерологиялық ауруханалардан шығатын медициналық қалдықтар. Анаэробтық жұқпасы бар пациенттерден шығатын медициналық қалдықтар.	Жарамды мерзімі өткен дәрі-дәрмектік заттар, диагностикалық препараттар, вакциналар, зарарсыздандырғыш заттар. Цитостатиктер және басқа да химиялық препараттар. Құрамында сынабы бар заттар, аспаптар және жабдықтар.	Құрамында радиоактивтік құрауыштары бар медициналық қалдықтардың барлық түрлері.
-------------	--	---	---